Оқу үдерісінде оқытудың сапасы мен нәтижелілігіне әсер ететін озық түрлері мен қазіргі заманғы технологиялары қолданылады: Ақпараттық технологиялар, соның ішінде компьютерлік білім беру технологиялары, оқытудың белсенді әдістері, мамандарды даярлау сапасын бағалаудың тест әдістері мен құралдары.

2020-2021 оқу жылы (колледжінің жоспары қосымша № 7)

Тараз инновациялық көпсалалы колледжі ұжымы 2020-2021 оқу жылында оқу –әдістемелік, оқу –өндірістік және тәрбие жұмыстары мен оқу үрдісі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы мен Қазақстан Республикасында білім мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына және Білім және ғылым министрлігінің нормативтік - құқықтық актілеріне сәйкес ұйымдастырылып жүргізілді.

Жаһанды шарлаған короновирустық инфекция адам өмірі мен тіршілігіне кері әсерін тигізіп білім беру процессіне тиісті өзгерістер енгізді.

Колледждің ғылыми және оқу-әдістемелік жұмыстары Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының негізгі қағидалары (24.11.2015ж. өзгерістер мен толықтырулар енгізілген), Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Мемлекеттік жалпы білім беру стандарты және Үлгілік оқу бағдарламалары, Білім және ғылым Министрлігінің нормативті құжаттары негізінде білім беру жүйесін жаңғыртудағы мемлекеттік саясаттың басым бағыттарын жүзеге асыруда. Колледждің ғылыми-әдістемелік жұмысы білім берудің жоғары сапасы, қолжетімділігі мен тиімділігін, колледждің тұрақты дамуын қамтамасыз ететін заңнамалық, ұйымдастырушылық, оқу-әдістемелік шарттарды құруға бағытталған.

Маман даярлауда оқу- әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру, жетілдіру бағытында озық тәжірибелерді зерттеу, жинақтау және тарату, оқытушылардың кәсіби біліктілігін арттыруды ұйымдастыру, аттестаттаудан өтетін оқытушылардың теориялық және әдістемелік деңгейлерін көтеру мақсатында әдістемелік көмек көрсету, оқытушылар мен студенттердің зерттеушілік жұмысын ұйымдастыру және жетілдіру, конференцияларға, байқауларға, конкурстарға қатысуын қадағалау, пәндік - циклдік комиссия жұмысын ұйымдастыру, оқытушылардың баспасөз беттеріне, әдістемелік сайттарға мақалаларын жариялауға бағыт бағдар беру ғылыми-әдістемелік орталықтың негізгі міндеттеріне жатады. Осы міндеттерді орындай отырып, білім берудің сапасын арттыруға, сапалы мамандар даярлауға ерекше көңіл бөлінеді.

Әдістемелік кеңес - білім беру ұйымының оқу-әдістемелік жұмысын алқалық басқару нысаны болып табылады. Колледждің әдістемелік кеңесі екі айда бір рет өткізіліп тұрады. Әдістемелік кеңес қызметі төмендегі негізгі бағыттар арқылы жүзеге асады.

- Барлық құрылымдық бөлімдердің жұмыс жоспарлары, мамандықтардың жұмыс оқу жоспарлары мен жұмыс оқу бағдарламаларын қарау және келісу;

- Оқытудың жаңа технологияларын енгізу;

- Оқу үдерісін әдістемелік қамтамасыз ету және жетілдіру;

- Оқу-әдістемелік жұмыстарды жетілдіруде озық тәжірибелерді жинақтау және тарату;

- Пән бойынша оқу-әдістемелік өнімдерді даярлау;

- Педагогтар мен білімгерлердің ғылыми-әдістемелік әлеуетін жетілдіру;

Әдістемелік кеңесте жоспарланған жұмыстар қаралып, кеңес мүшелерінің ой-пікірлері тыңдалып, ұсыныстарға сай шешімдер шығарылып, жүзеге асырылуы қарастырылады.

I. Әдістемелік қызметтің мақсаты мен міндеті және бағыттарына сәйкес колледждің 2020-2021 оқу жылында атқарған әдістемелік жұмысы:

2020 ж. 31 тамыз күні 1-ші әдістемелік кеңес өткізілді. Кеңесте келесі сұрақтар талдап қарастырылып және шешім қабылданды:

2020-2021 оқу жылына арналған колледждің жылдық оқу- тәрбие жұмысы жоспары, әдістемелік кеңестің, әдістемелік кабинеттің, «Педагогикалық шеберлік», «Озат тәжірибе» мектебінің жоспары, оқу үрдісінде модульдік- құзыреттілік негізінде оқу-әдістемелік құжаттары мен оқу бағдарлама жоспары, бөлімдердің, ЦӘК- дің, кітапхананың жоспарларын талдау;

2020-2021 оқу жылында мамандықтар бойынша ҚР Білім және ғылым министрлігінің 13.08.2020 жылдың № 345 бұйрығы коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды даярлық сыныптарында ұйымдастырылған оқу қызметтерін ұйымдастыруына байланысты 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығы негізінде жұмысшы оқу жоспарлар дайындау, жалпы пәндер бойынша «Жаңартылған мазмұнды бағдарлама негізінде» оқу жоспарын дайындау және бекіту;

2020-2021 оқу жылына арналған барлық мамандықтар бойынша оқу типтік бағдарламаға сай оқу-бағдарламаларын рәсімдеу және бекіту;

Колледждегі педагог қызметкерлердің 2020-2021 оқу жылында саны - 29 педагог. Оның: жоғары санат -9 педагог, бірінші санатта-1 педагог, екінші санат бойынша-3 педагог, магистр дәрежесі-2 педагог, ғылым кандидаты- 3 педагог 11 жас маман педагог. Оқу жылында өз біліктілігін жоспар бойынша 11 педагог көтеру қажет еді, жалпы колледж бойынша педагог 4 біліктіліктілігін арттырды.

2020-2021 Жалпы колледж бойынша 71 біліктілікті арттыру курстардан өту тіркелді. Оның ішінде «Талар» КЕАҚ Оқу-тренингтік орталығында:

«Педагогтердің ІТ-құзіреттіліктерін дамыту және жетілдіру», тақырыптарында 23 педагог курстан өтті.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ жаңартылған мазмұны бойынша өз пәндері бойынша - 8 педагог курстан өтті.

Аймақаралық кадрларды дайындау және біліктілігін жоғарлату оқу орталығынан: «Техникалық және кәсіптік білім беру саласындағы жаңартылған білім беру бағдарламасының мазмұны мен әдістемесі» тақырыбында -14 педагог курстан өтті.

«Өрлеу» БАҰО акционерлік қоғамынан:

«Қашықтықтан оқыту: сабақты әзірлеуден бастап білім беру процесін ұйымдастыруға дейін» тақырыбында-3 педагог курстан өтті.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінен:

«Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылармен оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру» тақырыбында 1 оқытушы курстан өтті.

Ж. Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледжінен:

«Техникалық, кәсіптік және орта білімнен кейінгі оқу орындарында кредиторлық- модульдік технологиясын енгізу аясындағы» курс бойынша 20 оқытушы курстан өтті.

Инновациялық білім беру орталығынан:

«Қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру технологиялары» тақырыбы бойынша 1- педагог өтті.

«Тренинг Консалтинг»ЖШС біліктілігін жоғарылату оқу орталығынан:

«Жаңартылған білім беру жағдайында оқытудың білімдік нәтижелеріне жету сапасын бағалау бойынша мұғалімнің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту» тақырыбында 1- педагог өтті.

«Sina Versity» ЖШС біліктілігін жоғарылату оқу орталығында:

«Жалпы пәнінен білім сапасын көтеру барысында интерактивті технологияларды қолданудың тиімділігі» тақырыбында 4-педагог біліктілігін арттыру курсынан өтті.

2020-2021 оқу жылында:

04.11-23.12.2020жылы аралығында Жамбыл облысы әкімдігінің ветеринария басқармасының Тараз қаласының Ветеринариялық бақылау және қадағалау ветеринарлық инспекциясында өндірістік тағылымдамадан бір педагог өтті.

2021-2022 оқу жылы (колледжінің жоспары қосымша № 7)

2021-2022 оқу жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары» басшылыққа ала отырып және оқу үрдісі қашықтықтан оқыту технологиясы негізінде жалғастыруына байланысты Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігінің 13 тамыздағы № 345 бұйрығы негізінде ұйымдастырылды.

Колледждің күндізгі бөлімінде оқу үрдісін тиімді ұйымдастырып, сонымен қатар мамандықтарға байланысты және арнайы оқу пәндері

негізінде оқу жылының басында 2 циклдік - әдістемелік комиссиялар құрылды.

Оқу үрдісінің кестесіне сәйкес өткізілген шектік, аралық аттестациялардың қорытындысы негізінде күндізгі бөлім білімгерлердің оқу үлгерімі мен сапасына оқу пәндері мен топтар бойынша мониторинг жүргізіліп отырды.

Студенттердің оқу үлгерімі мен сапасы директорлық мәжілістерде қаралып тиісті шешімдер қабылданды. Қабылданған шешімдердің тиімді орындалуын қамтамасыз ету үшін нақты іс-шаралар жасалынды және колледж ішілік барлық деңгейде қадағаланып отырды.

2021-2022 оқу жылында колледждің әдістемелік орталығы «Білім беру кеңістігін заманауи талаптарға сай ұйымдастыра отырып, педагогикалық ұжымның әдістемелік және кәсіптік қызметін басқару және үйлестіруді қамтамасыз ету» тақырыбы аясында жұмыс жүргізді:

«Педагогикалық шеберлік», «Озат тәжірибе» мектебінің жұмысы. Жас мамандармен әдістемелік кабинеттің, тәлімгерлердің жүргізіп жатқан жұмыс барысы, көмек көрсетілу деңгейі, шығармашылық топтардың жүргізіп жатқан жұмыс барысы.

Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын аккредиттеу нәтижесі бойынша кемшілікті жою жұмыстары жөніндегі құжаттарын дайындау;

Аттестаттаудан өтетін педагогтар мен өндірістік оқыту шеберлерінің тәжірибеден өту құжаттарын рәсімдеу, кәсіби жетістіктері туралы портфолио дайындау барысы;

Ағымдық және мемлекеттік емтихан материалдарының дайындалу сапасы;

Курстық және дипломдық жұмыс тақырыптарын бекіту;

Модульдік құзыреттілікті оқыту негізінде әдістемелік іс-құжаттар, әдістемелік нұсқаулар дайындау барысын мен оқу әдістемелік кешендерінің дайындалуы мен талқылауы жүргізіліп отырды.

2021-2022 оқу жылында колледжде 37 педагог қызмет етті. Оның жоғары санат - 6 педагог, бірінші санатта -1 педагог, екінші санат бойынша - 3 педагог, магистр дәрежесі - 6 педагог, ғылым кандидаты- 3 педагог, қызмет атқарды.

2021-2022 оқу жылында ж алпы колледж бойынша 26 біліктілікті арттыру курстардан өту тіркелді. Оның ішінде «Талар» КЕАҚ Оқу-тренингтік орталығында:

«Арнайы пәндерді, (модульдерді) CLIL.TBLT әдістемелері және BOPPPS моделін қолдана отырып ағылшын тілінде оқыту» тақырыптарында 3 педагог курстан өтті.

«Ұлттық орталықтан»:

«ҚР Мемлекеттік рәміздерін насихаттау және ұлттық стандартқа сай қолдау бағытындағы жұмыстар» тақырыбында-8 педагог курстан өтті.

Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығынан:

«Мал шаруашылығы өнімдерін өндеудің инновациялық технологиясы»

тақырыбында 1 педагог өтті.

Қазақстан Оқу Ассоциасынан: «Оқу мен Жазу арқылы Сын тұрғысынан Ойлауды Дамыту» тақырыбы бойынша 1- педагог өтті.

«Өрлеу-EDUCATION» республикалық оқу-әдістемелік орталығынан:

«Жаңартылған білім беру мазмұны шеңберінде пәндік құзыреттерді дамыту» тақырыбында-1 педагог курстан өтті.

«Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының Байзақ ормандары және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мекемесі»КММ:

«Орман саябақ шаруашылығы саласында болашақ мамандардың негізгі кәсіби құзыреттерін қалыптастыру» тақырыбында 3 педагог өтті.

«Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының Жамбыл ормандары және жануарлары дүниесін қорғау жөніндегі мекемесі»КММ:

«Орманды бақылау және қадағалау жүргізу тәртібі» тақырыбында-3 педагог курстан өтті.

Жамбыл облысы әкімдігінің ветеринария басқармасының Тараз қаласының ветеринарлық станциясы:

«Ветеринариялық бақылау және қадағалау жүргізу тәртібі» тақырыбында-4 педагог курстан өтті.

Жамбыл аудандық ветеринарлық станциясы:

«Ауыл шаруашылығы жануарларының диагностикалық және профилактикалық іс-шараларының орындалуы» тақырыбында 2 педагог өтті.

Оқытушылардың өз білімін көтеру және шығармашылық деңгейін арттыру мақсатында колледж оқытушылары үнемі республикалық, облыстық білім жетілдіру институттарында біліктіліктерін жетілдіреді және қысқа мерзімді өндірістік тәжірибеден мекемелерден өтеді.

2021-2022 оқу жылында:

Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының Байзақ ормандары және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мекемесінде 06-16.09.2021 жылы аралығында: «Орман саябақ шаруашылығы саласында болашақ мамандардың негізгі кәсіби құзыреттерін қалыптастыру» тақырыбында 3 педагог тағылымдамадан өтті.

06-16.09.2021 жылы аралығында Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының Жамбыл ормандары және жануарлары дүниесін қорғау жөніндегі мекемесінде «Орманды бақылау және қадағалау жүргізу тәртібі» тақырыбында үш педагог өндірістік тағылымдамадан өтті.

06-16.09.2021 жылы аралығында Жамбыл облысы әкімдігінің ветеринария басқармасының Тараз қаласының ветеринарлық станциясында, «Ветеринариялық бақылау және қадағалау жүргізу тәртібі» тақырыбында төрт педагог тағылымдамадан өтті.

Жамбыл облысы әкімдігінің ветеринария басқармасының Жамбыл

аудандық ветеринарлық станциясында 06-16.09.2021 жылы аралығында: «Ауыл шаруашылығы жануарларының диагностикалық және профилактикалық іс-шараларының орындалуы» тақырыбында екі педагог тағылымдамадан өтті.

Барлық ЦӘК жетекшілері ұсынған 2021-2022 оқу жылына арналған модульдік, міндетті бақылаулардың, зертханалық - практикалық сабақтардың кестесі бекітілді

2021-2022 оқу жылындағы әдістемелік кеңес және әдістемелік кабинет жұмысын қорытындыланды, есеп берілді.

Колледж оқытушыларының әдістемелік жұмыстарының мониторингісінің жүргізілу ЦӘК төрайымдары талдау жүргізіліп, хаттамалары толтырылды.

2021-2022 оқу жылында колледж білімгерлерінің, оқытушылардың және ЦӘК-тердің ғылыми-зерттеу қызметінің бойынша яғни ғылыми-зерттеу тақырыптары, баспа сөз, онлайн және офлайн конференция, олимпиада, байқауларының нәтижелерінің мониторингі жүргізіліп, қорытындысы жасалды.

Колледж оқытушылардың кәсіби деңгейінің жоғарлауына мониторинг қорытындысын жасалып, әдіскер тарапынан мониторинг құрылды. Келесі оқу жылына оңтайлы жұмыс жүргізуге ұсыныстар берілді.

2022-2023 оқу жылы (колледжінің жоспары қосымша № 7)

Оқу жылының басында барлық бағыттар бойынша жұмыс жоспарлар әзірленіп, 31.08.2022 ж өткізілген педагогикалық кеңесте талдау жүргізіліп және № 1 хаттамасымен бекітілді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығымен бекітілген «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандары» басшылыққа ала отырып және ескерту негізінде аталған оқу жұмыс бағдарламасының бөлімдері міндетті болып табылады. "Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес педагог тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес және пән/модуль ерекшеліктері мен білім алушылардың қажеттіліктерін ескере отырып қосымша элементтер енгізуге құқылы. Пән/модуль/өндірістік оқыту мен кәсіптік практика бойынша оқу жұмыс бағдарламасының үлгілік нысанына өндірістік қажеттілігіне байланысты, яғни кәсіптік модульдің ішінде өндірістік оқыту мен өндірістік тәжірибесіне бөлінген сағат/кредит саны көрсету үшін қосымша бағаналар енгізу негізінде жасалды.

Оқытушылардың өз білімін көтеру және шығармашылық деңгейін арттыру мақсатында колледж оқытушылары үнемі республикалық, облыстық білім жетілдіру институттарында біліктіліктерін жетілдіреді және қысқа мерзімді өндірістік тәжірибеден мекемелерден өтеді.

2022-2023 оқу жылында:

Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының Жамбыл ормандары және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мекемесінде 07.09.-28.09.2022 жылы аралығында «Орманды бақылау және қадағалау жүргізу тәртібі» тақырыбында бір өндірістік оқыту шебері тағылымдамадан өтті.

14.09-28.09.2022 жылы аралығында Жамбыл облысы әкімдігінің ветеринария басқармасының "Жамбыл аудандық ветеринариялық станциясы" шаруашылық жүргізу құқығындағы КММ мекемесінен өндірістік бір оқыту шебері тағылымдамадан өтті.

25.09-05.11.2022 аралығында «АҮАКЕН ТАРАЗ» киім дизайн студиясында

2 айлық «Пішін және тігін үйрену» тақырыбында өндірістік тағылымдамадан бір өндірістік оқыту шебері өтті.

12-18.10.2022 жылы Халықаралық білім беру және инновация орталығының ұйымдастыруымен өткен «Formation of professional skills based on WorldSkills standards. Progressive technologies of vocational education. Experience of South Korea» тақырыбында тағылымдамадан екі арнайы пәндер педагогтары өтті.

2022-2023 Жалпы колледж бойынша 35 біліктілікті арттыру курстардан өту тіркелді. Оның ішінде «Талар» КЕАҚ Оқу-тренингтік орталығында:

«Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің цифрлық трансформациясы» тақырыптарында 9 педагог курстан өтті.

«Өрлеу» БАҰО акционерлік қоғамынан:

«Қашықтықтан оқыту: сабақты әзірлеуден бастап білім беру процесін ұйымдастыруға дейін» тақырыбында-3 педагог курстан өтті.

Жамбыл инновациялық колледжінен:

«Академическая свобода-новые перспективы развития типо» тақырыбында 2 педагог курстан өтті.

«USTAZ» педагогтердің біліктілігін арттыру орталығында:

«Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім беру процесінде академиялық дербестікті пайдалану» тақырыптарында 23 педагог өтті.

Халықаралық білім беру және инновация орталығынан:

«Formation of professional skills based on WorldSkills standards. Progressive technologies of vocational education. Experience of South Korea» тақырыбында-3 педагог курстан өтті.

Belgian Education Council орталығынан:

Master class «Cyberprofessor» «Why should a modern professor give so much to students?» тақырыптарында 2 педагог өтті.

2022-2023 оқу жылы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен

ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидалары негізінде ұйымдастырылды.

Сонымен қатар мамандықтарға байланысты және арнайы оқу пәндері негізінде оқу жылының басында 2 циклдік-әдістемелік комиссиялар құрылды. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 29 қарашадағы № 583 бұйрығымен бекітілген Оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидалары басшылыққа ала отырып әдістемелік кабинет және циклдік әдістемелік комиссиялардың жұмыстары ұйымдастырылды. Академиялық дербестік аясында және оқу үрдісі оқыту нәтижеге бағыттауға байланысты 2022-2023 оқу жылының 1 жарты жылдығында келесі жұмыстар атқарылды:

- World Skills және кәсіптік стандарттар басшылыққа ала отырып кәсіптік модульдер бойынша жұмыс бағдарламалар әзірлеу,

- Критериалдық бағалауда пайдалынатын бақылау тапсырмаларды әзірлеу,

- модульдерді әдістемелік қамтамасыз ету үшін технологиялық карталар бекіту,

- критериалдық бағалаудың бақылау кестелер бекіту,

- аралық аттестаттауға арналған тапсырмаларды бекіту,

- оқу сабақтардың сапасын арттыру мақсатында өз ара сабақтарға қатысу кестесін бекіту және талдау жүргізу,

- студенттердің қосымша дағдылардың дамыту мақсатында техникалық үйірмелердің жұмыстар ұйымдастыру.

- «Жас маман» жобасы аясында алынған қондырғыларды толыққанды игеру мақсатында модуль бойынша тәжірибелерді колледж шеберханаларында өту кестесі жасалып, бекітілді.

- Студенттердің оқу мотивациясының деңгейін арттыру мақсатында өндірістік тәжірибелерді заманауи технологиялармен жабдықталған өндірістерге жіберудің жоспары жасалды. -Үлгерімі төмен студенттермен және оның ата аналарымен оқытушы қызметінің бағдарламасы әзірленіп, қосымша сабақтар кестесі бекітілді

- Педагогикалық қызметте студенттерді даярлау сапасын арттыруға ықпал ететін инновациялық технологиялар мен әдістерді қолдану бойынша колледж оқытушысының тәжірибесін жинақтау мақсатында оқытушылардың біліктілігін арттыру курстарынан өту жоспары жасалды.

- Колледж студенттерін кәсіптік тәрбиелеудің тиімділігін арттыру мақсатында оқытушылар құрамы арасында кәсіптік тәрбиеге арналған кеңестер, семинарлар, конференциялар өткізу жоспары әзірленді.

- Оқу үрдісінің кестесінде барлық мамандықтар бойынша, аралық аттестациялардың мерзімдері бекітілген (сынақ-емтихандық сессиялар).

- Колледжінің ішкі тәртіп ережелерін негізінде ағымды бақылау төмендегідей жүргізіледі:

- Зертханалық-тәжірибелік сабақтарда тапсырмаларды орындау

және қорғау;

- Бағалау өлшемдерге арналған бағалау тапсырмалар орындау;
- Коллоквиум жүргізу;
- Сұрақтарға жауап беру;
- Жазбаша жұмыстар (эссе, салыстырмалы кестелер және тб);
- Іскерлік ойындар;

Шектік аттестацияның қорытындысы, білімгерлердің оқу үлгерімі мен сапасы директордың жанында отырыста қаралып, тиісті шешімдер қабылдануда, қосымша сабақтардың кестесі жасалынып, қайта тапсыруда. Қабылданған шешімдердің тиімді орындалуын қамтамасыз ету үшін нақты іс-шаралар жасалынды және колледж ішілік барлық деңгейде қадағаланып отырды.

Колледждің материалдық-техникалық базасы талаптарына жауап береді, бұл мамандарды қазіргі заманғы талаптарға сәйкес дайындауға мүмкіндік берді. Бұл бойынша оқу процесін ұйымдастыру үшін пайдаланылатын материалдық-техникалық, кітапханалық, ақпараттық және басқа да ресурстар жеткілікті болып табылады және іске асырылатын білім беру бағдарламаларының талаптарына сәйкес келеді. Колледжде студенттер үшін де, қызметкерлер үшін де салауатты, қауіпсіз еңбек және оқыту жағдайлары жасалған.

2) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары әзірлеген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының (бар болса), WorldSkills (WorldSkills) кәсіптік стандарттарының (бар болса) талаптары негізінде жұмыс берушілердің қатысуымен әзірленген білім беру бағдарламаларының болуы:

2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары бойынша талдау жазылады.

2022-2023 оқу жылына «Талар» коммерциялық емес акционерлік қоғамының сайтында орналасқан ТЖКОБ білім беру бағдарламаларының тізіліміне жұмыс берушілердің қатысуымен МЖМБС, кәсіптік стандарттар, WorldSkills кәсіптік стандарттары талаптарының негізінде әзірленген 30 білім беру бағдарламасы республикалық оқу-әдістемелік бірлестіктерінің сараптамасынан өткізіліп енгізілді. Аталған талапты негізге ала отырып, колледжде дайындалып жатқан 01120100 «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту», 08410100 «Ветеринария» мамандығының студенттеріне 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары факультативтік пән ретінде енгізілген. Көрсетілген мамандықтар бойынша жұмыс берушілермен екіжақты WorldSkills факультативті пәніне жұмыс оқу бағдарламасы жасалынды.

WorldSkills факультатив сабағының мақсаты:

Мектепке дейінгі тәрбие құзіреттілігі бойынша WorldSkills факультатив сабағының басты мақсаты, тәрбиеші мамандығының мәртебесін

арттыру, жан-жақты білікті мамандарды даярлау, болашақ тәрбиешілерді мектепке дейінгі ұжымдарда мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқытуда түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, балалардың дербес ерекшеліктерін ескере отырып, тәрбиеленушілердің түзеуші-дамытушылық жұмыстарын жоспарлай білуге және жүзеге асыруға үйрету.

«Ветеринария» мамандығы бойынша WorldSkills факультатив сабағының мақсаты: ветеринария мамандығының мәртебесін арттыру, білікті мамандарды даярлау, студенттерге жануарларды жұқпалы аурулардан қорғаудың жаңа әдістерін табу, осы аурулардан адамзатты қорғау, еліміздегі ветеринарлық жағрапияны зерттеу арқылы жұқпалы аурулар таралуының алдын алу, шаруашылық қожалықтарындағы малдарды жұқпалы аурулардан сақтау және ауырған малды емдеу, сөйтіп, мал басының көбеюіне тікелей ықпал ету.

Бүгінгі таңда 3- курс студенттерімен WorldSkills факультативтік пәні негізінде оқытылып, колледжішілік чемпионаттар ұйымдастырылып келеді. Нәтижесінде жоғарыда аталған мамандықтар бойынша үздік деп танылған студенттер облыстық, республикалық WorldSkills чемпионаттарына қатысып, өздерінің игеріп жатқан мамандықтары бойынша білім-білік дағдыларын дамыта отырып, айтарлықтай жетістіктерге жетіп келеді.

Жоспар бойынша Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту орталығының ұйымдастыруымен облыстық «WorldSkills-2020» чемпионатына «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы бойынша студент дайындап нәтиже көрсетуде.



Облыстық «WORLD SKILLS JAMBYL-2020» чемпионаты

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Абай атындағы Жамбыл гуманитарлық жоғары колледж базасында облыстағы техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында оқитын жастар арасынан болашақ

мамандардың кәсіби шеберлігін анықтау, қолдау көрсету, беделін арттыру және өндіріс орындарындағы жас мамандардың, сарапшылардың тәжірибе алмасуын ұйымдастыру мақсатында 2020 жылдың 6 қазаны күні «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» құзыреттілігі бойынша облыстық «WORLD SKILLS JAMBYL-2020» чемпионатын өткізді. «Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру», «Қоршаған ортамен таныстыру» бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі және «Көркемдік-эстетикалық даму» модульдерін қамтыған іс-шараға № 15 Бөбекжай бақшасының әдіскері А.Кокаева, бас сарапшы Ж.Алимбаева және арнайы пән оқытушысы Н.Нуриева сарапшылық етті. Чемпионат қорытындысы бойынша колледжіміздің 4-курс студенттері Әбдібекова Аяжан І-жұлделі орынды және Бақтиярова Самал ІІІ-жұлделі орынды иеленіп, Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы басшысының дипломдарымен марапатталды. Аталған чемпионаттың өткізу мен ұйымдастыру жұмыстарына белсенді үлес қосқаны үшін және колледжіміздің қатысушы студенттеріне жетекшілік еткен ТИКК-нің арнайы пәндер оқытушысы Болысбай Айгүл Нұрманқызы Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы басшысының алғыс хатын алды.





Облыстық «WORLD SKILLS JAMBYL-2021» чемпионаты

3-24 қыркүйек 2021 жылы Абай атындағы Жамбыл гуманитарлық жоғары колледжінің «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы бойынша Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту орталығының ұйымдастыруымен World Skills-2021 облыстық кәсіби шеберлік чемпионаты дуальды оқыту жүйесіндегі әлеуметтік серіктес- № 26 «Нұрай» бөбекжай-бақшасының базасында өтті. Чемпионатқа колледжімізден 3 курс студенттері А.Әбдібекова, С.Бақтиярова және қарсыластыры ретінде Абай атындағы Жамбыл гуманитарлық жоғары колледжінен 3 курс студенті Н.Абылаева және 4 курс студенттері А.Әліппек, Н.Мылтықпай қатысты. Чемпионат екі күнде үш модуль бойынша өтіп, болашақ мамандар кәсіптік білімдерін ортаға салды. Кәсіби білім алуға талпынған болашақ мамандардың іскерлік, дағдыларын Тараз қаласының №15 бөбекжай-бақшасының меңгерушісі Н.О.Нурбекова, Абай атындағы Жамбыл гуманитарлық жоғары колледжінің ағылшын тілі оқытушысы Р.М.Сейдуahas, «Ақ қайын» бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі А.А.Жумадилова сараптап, қазіргі нарық сұранысының иелеріне әділ баға берді. Чемпионат қорытындысы бойынша колледжімізден қатысқан 4-курс студенттері Әбдібекова Аяжан 1-жүлделі орынды және Бақтиярова Самал III-жүлделі орынды иеленіп, Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы басшысының дипломдарымен марапатталады. Аталған чемпионаттың өткізу мен ұйымдастыру жұмыстарына белсенді үлес қосқаны үшін және колледжіміздің қатысушы Болысбай Айгүл Нұрманқызы Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы басшысының алғыс хатын алды.



Республикалық WORLDSKILLS-2021» чемпионаты

8.11.2021-12.11.2021 аралығында Көкшетау қаласында Ж.Мусин атындағы жоғары қазақ педагогикалық колледжі базасында "Мектепке дейінгі тәрбие" құзыреттілігі бойынша WorldSkills Kazakhstan 2021 республикалық кәсіби шеберлік чемпионаты өтті.

Чемпионаттың негізгі мақсаты - инновациялық және ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдану негізінде тәрбиеленушілермен жұмыс істеу дағдыларын көрсету.

Конкурстық тапсырма төрт тәуелсіз модульден тұрды:

А модулі "Балалардың кіші тобымен ұйымдастырылған оқу қызметін әзірлеу және өткізу ("Коммуникация" білім беру саласы: көркем әдебиет АКТ құралдарына дидактикалық ойынды қосу арқылы)";

В модулі "Танымдық даму бойынша біріктірілген ОҚН әзірлеу және өткізу: виртуалды экскурсия, робототехника»;

С модулі "Ата-аналарымен (заңды өкілдерімен) және білім беру ұйымының қызметкерлерімен өзара әрекеттестік";

"Organization and implementation of invigorating gymnastics after sleep" module d.

Әр модульдің тапсырмасын орындау әзірленген өлшемдерге сәйкес сарапшылармен бағаланды. Барлық нәтижелер SIC бағдарламасына енгізіліп, нәтижелер есептелінді.



Чемпионатқа республикамыздың 16 өңірінің ең үздік студенттері қатысты, олар:

1. Тосынбайқызы Дина – Астана халықаралық университетінің педагогикалық колледжі, Нұр-Сұлтан қаласы;

2. Абдолова Мадина – №2 Алматы мемлекеттік гуманитарлық-педагогикалық колледжі, Алматы қаласы;

3. Мазбаева Айгерім – Мардан Сапарбаев атындағы «Парасат» колледжі, Шымкент қаласы;

4. Кононенко Юлия – Ақтөбе гуманитарлық колледжі, Ақтөбе облысы;

5. Қуан Мөлдір – Есік гуманитарлық-экономикалық колледжі, Алматы облысы;

6. Амантурлиева Жанеркем – Қатира Дүтбаева атындағы Атырау гуманитарлық колледжі, Атырау облысы;

7. Әбдібекова Аяжан – Тараз инновациялық көпсалалы колледжі, Жамбыл облысы;

8. Сабырова Қазына – Абай Құнанбаев атындағы «Саран» жоғары гуманитарлық-техникалық колледжі, Қарағанды облысы;

9. Әбдіғали Ралина – Қостанай педагогикалық колледжі, Қостанай облысы;

10. Сақтапберген Камила Сапарбекқызы – Мәншүк Маметова атындағы Қызылорда жоғары педагогикалық колледжі, Қызылорда облысы;

11. Идаятқызы Мадина – Мұрын жырау Сенгірбекұлы атындағы Маңғыстау гуманитарлық колледжі, Маңғыстау облысы;

12. Ильющенко Любовь – Бейсен Ахметов атындағы жоғары педагогикалық колледжі, Павлодар облысы;

13. Полей Екатерина – Мағжан Жұмабаев атындағы жоғары колледжі, Солтүстік Қазақстан облысы;

14. Меренкова Анастассия – «Мирас» колледжі мекемесі, Түркістан облысы;

15. Баймолдинова Аида Бақытжанқызы – Абай атындағы Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжі, Шығыс Қазақстан облысы;

16. Иват Үмітгүл – Жанайдар Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі, Ақмола облысы.



Чемпионат қорытындысы бойынша колледжімізден қатысқан Әбдибекова Аяжан КЕАҚ «Талап» президенті Абдиманап Еликбаевич Бектургановтан сертификатымен марапатталса, аталған чемпионаттың өткізу мен ұйымдастыру жұмыстарына белсенді үлес қосқаны үшін және колледжіміздің қатысушы Болысбай Айгүл Нұрманқызы студентті

дайындағаны үшін КЕАҚ «Талап» президенті Абдимапап Еликбаевич Бектургановтан алғыс хат табысталды.



«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» құзыреттілігі бойынша колледж ішілік “World skills-2022” чемпионаты

Мақсаты: Мектепке дейінгі тәрбие құзіреттілігі бойынша WoldSkills чемпионатына қатысқан болашақ тәрбиешілерді мемлекеттік білім стандартына сәйкес мектепке дейінгі ұжымдарда мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқытуда түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, балалардың дербес ерекшеліктерін ескере отырып, тәрбиеленушілердің түзеуші-дамытушылық жұмыстарын жоспарлай білуге және жүзеге асыруға үйрету.

Конкурстық тапсырма бір-біріне тәуелсіз әр түрлі ретпен өткізілуі мүмкін 3 тәуелсіз модульден тұрады.

Модуль А. «Мектепке дейінгі балаларды оқыту және тәрбиелеу»

Тапсырма. Балалардың шағын тобымен ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін әзірлеу және өткізу (“Коммуникация” білім беру саласы: акт жабдықтарында дидактикалық ойынды қоса отырып Көркем әдебиет ҰОҚ)



Module B. «Мектеп жасына дейінгі балалардың әртүрлі іс-әрекеттері мен қарым-қатынасын ұйымдастыру».

Тапсырма. Ұйқыдан кейін қуаттандыратын гимнастиканы ұйымдастыру және өткізу.

Ұйқдан кейін қуаттандыратын гимнастиканы ұйымдастыру және өткізу

Module C. «Ата-аналармен (заңды өкілдермен) және білім беру ұйымының қызметкерлерімен өзара іс-әрекет».

Тапсырма. Балалардың, ата-аналардың және тәрбиешінің бірлескен іс-әрекеті үшін жоба жоспарын әзірлеу, ата-аналар жиналысында жоба туралы хабарлама жасау үшін АКТ-ны қолдана отырып, жобаның кезеңдері мен нәтижелері туралы презентация жасау.

Чемпионат қорытындысы бойынша Әлқайдар Іңкір І, Момыналы Аяулым ІІ Мейірқұл Дамира ІІІ орынды жеңіп алып, обылыстық «WORLD SKILLS JAMBYL-2022» чемпионатына жолдама ұтып алды.



Облыстық «WORLD SKILLS JAMBYL-2022» чемпионаты

Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының "Мектепке дейінгі тәрбие" құзіреттілігі бойынша өткізілген "WorldSkills-2022" аймақтық чемпионатында колледжіміздің 2-курс студенттері Момыналы Аяулым жүлделі ІІ-орынды және Әлқайдар Іңкар жүлделі ІІІ-орынға ие болып, Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының басшысының дипломдарымен және медальдарымен марапатталды. Аталған чемпионаттың өткізу мен ұйымдастыру жұмыстарына белсенді үлес қосқаны үшін колледжіміздің қатысушы студенттеріне жетекшілік еткені үшін колледжіміздің оқытушысы Болысбай Айгүл Нұрманқызы Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының басшысының алғыс хатын алды.




Оңтүстік Корея мемлекеті Сеул қаласы тағылымдамадан өту бағдарламасы 2022 жылдың 12-18 қазан аралығында халықаралық тағылымдамадан өту бағдарламасы WorldSkills Special Edition 2022 халықаралық чемпионатына оңтүстік Кореяның Сеул қаласына колледжімізден колледж директоры: Л.Т.Мырзабекова және арнайы пәндер оқытушылары Ж.Орақбаева мен А.Болысбай тағылымдамадан өтті.

Тағылымдама бағдарламасының мақсаты: WorldSkills стандарттарын қолдана отырып, жұмысшы кадрлар мен мамандардың біліктілігін бағалау жүйесін кәсіби даярлау, қайта даярлау біліктілігін арттыру стандарттарын бенчмаркинг (үздік тәжірибелерді зерделеу және оларды өз қызметінде пайдалану) болып табылады. Бағдарлама шеңберінде қатысушылар кәсіптік білім берудің жетекші мекемелерінің – Кореяның кәсіптік білім беру және оқыту ғылыми зерттеу институтының қызметтерімен танысып, Кореяның

ақпарат және технологиялар колледжі, Сеул технологиялар және білім беру институтының кәсіптік мектебі және т.б. іс-сапарда болып, тәжірибе жинақтады. Сонымен қатар Сеул қаласында өткен халықаралық WorldSkills Special Edition 2022 чемпионатының өткізіліп отырған жұмыс алаңымен танысып, чемпионат шеңберінде шеберлік-сыныптарға, конференцияларға, презентацияларға қатысты.

«WorldSkills стандарттары негізінде кәсіби шеберлікті қалыптастыру. Кәсіби білім берудің прогрессивті технологиялары. Оңтүстік Корея тәжірибесі» Қоян қаласындағы WorldSkills Special Edition 2022 халықаралық чемпионаты



Оңтүстік Корея WorldSkills Special Edition 2022 халықаралық чемпионаты



Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының Құлан агротехникалық жоғары колледжінде 2021 жылдың 28-29 қазан күндері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы «Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесін бекіту туралы» № 514 бұйрығының негізінде республикалық кәсіби шеберлік конкурсы өткізілді.

Конкурс республикадағы ауыл шаруашылығы секторын дамыту жағдайында ауыл шаруашылығы саласындағы ТЖКОБ ұйымдарының неғұрлым талантты педагогтерін анықтау және қолдау мақсатында өткізілді.

Конкурс екі кезеңді қамтыды: теориялық және практикалық

1 кезең – теориялық, 2 модульден тұрды:

Модуль 1. Мамандық бойынша тестілеу;

Модуль 2. Ауыл шаруашылығы саласының стандарттарын анықтау бойынша тәжірибелік жұмысты орындау кезіндегі іс-қимылдардың бірізділігін құрастыру.

2 кезең — практикалық, 4 модульден тұрды:

08410100 «Ветеринария» мамандығы бойынша:

Модуль 3 — Жануарларға диагностикалық лапоротомия жасау;

Модуль 4 — Патогенді бактерияларды анықтау (микроскопия);

Модуль 5- Жануарларға дәрілік заттарды енгізу;

Модуль 6- УДЗ аппаратымен ұсақ малдың буаздылығын анықтау.

Қазылар алқасының мүшелері:

1.Кулкеев Ерлан Елібайұлы — Жамбыл облысы әкімдігінің ауыл шаруашылық басқармасы басшысының орынбасары;

2.Алтынбек Талғатбек Көпбосынұлы — Жамбыл облысы әкімдігінің ветеринария басқармасының Ветеринариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бөлімінің бас маманы;

3.Мыктыбаева Рая Жаксыгуловна — Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің «Микробиология, вирусология және иммунология» кафедрасының профессоры, ветеринария ғылымдарының кандидаты;

4.Мусоев Асылбек Майлыбайұлы — Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің Ветеринария факультеті деканының оқу ісі жөніндегі орынбасары;

5.Мырзабаева Гулнар Азимбаевна — Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің Агрономия кафедрасының профессоры, ауыл шаруашылық ғылымдарының кандидаты;

6.Шилібек Кенжеғали Қошқарбайұлы — М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті «Су шаруашылығы және табиғатқа үйлестіру» институтының директоры, техника ғылымдарының кандидаты, доцент;

7.Абдыкаликов Малик Ашимбаевич — «Республикалық фитосанитарлық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығы» РММ Т.Рысқұлов аудандық филиалының басшысы.



Конкурсқа еліміздің 10 өңірінен 14 колледжінен 14 қатысушы қатысты.
Ветеринария мамандығы бойынша

1. Жакипова Риза Жумагазиновна — Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының Шығыс Қазақстан ауылшаруашылық колледжі

2. Иманғалиева Арай Бекболатовна — Алматы облысы Талдықорған агротехникалық колледжі

3. Сарсенбаев Темирлан Тайшыбаевич — Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы Бурабай ауданы Қатаркөл ауылы, ауылшаруашылық колледжі

4. Серикова Акмерей Маратовна — Қарағанды облысының білім басқармасының Абай көпсалалы колледжі

5. Амантай Данен Даниярұлы — Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының Қордай ауылшаруашылығы колледжі

6. Жанаев Жалғасбек Илесұлы — Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Капланбек жоғары аграрлық техникалық колледжі

7. Сарсенбиев Рашид Махталиевич — Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының Құлан агротехникалық жоғары колледжі

8. Сматов Бақытжан Сәкенұлы — И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық техникалық жоғары колледжі

9. Тлеуленов Аскар Толегенович — Павлодар облысы «Ертіс» жоғары инновациялық аграрлық колледжі

10. Джулушева Гулистан Юсуповна — Алматы қаласы Еуразия аграрлық колледжі

11. Қуанов Дәуренбек Сұлтанғалиұлы — Ақтөбе облысы білім басқармасының Ақтөбе жоғары ауылшаруашылық колледжі

12. Телгозин Арман Калиаскарович — Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының «Үржар» колледжі

13. Садықов Айбек Жасуланович — Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының Тарбағатай колледжі

14.Қуанышбекова Дана Рашидқызы — Жамбыл облысы Тараз инновациялық көпсалалы колледжі



Қуанышбекова Дана Рашидқызының конкурстан алған алғыс хаттары
Ветеринария мамандығы бойынша конкурстың қорытындысы:

Бас жүлдеге — Сарсенбиев Рашид Махталиевич, Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының Құлан агротехникалық жоғары колледжінің оқытушысы;

I орынға — Жанаев Жалғасбек Илесұлы, Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Капланбек жоғары аграрлық техникалық колледжінің оқытушысы;

II орынға — Сматов Бақытжан Сәкенұлы, И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық техникалық жоғары колледжінің оқытушысы;

III орынға — Қуанышбекова Дана Рашидқызы, Жамбыл облысы Тараз инновациялық көпсалалы колледжінің оқытушысы.

25.02.2022 жылы Тараз инновациялық көпсалалы колледжінде «Білім көкжиегі – практикада» атты ветеринария мамандығының студенттері арасында жарыс өтті.

Мақсаты: Студенттердің сабақ барысында жинаған теориялық білімдерін практикада қолданып, көрсету.

«Медицина адамды емдесе, ветеринария адамзатты емдейді», - демекші, бүгінгі іс-шарамыздың өтілу мақсаты, студенттерімізді практикалық және теориялық жағынан алған білімдерін практикада қолданып, үйрету.

Жарысқа ветеринария мамандығының 2 курс студенттері:

1. Амантай Аймырза
2. Дербіс Тахмина

3. Ордалы Сағдат
4. Оразмаханбет Айгерім
5. Тасболат Дініслам
6. Үмбетбаев Диқан
7. Амангелді Бекболат
8. Мұстафа Ринат

Тараз инновациялық көпсалалы колледжінің жас мамандары Д.Қуанышбекова, Ж.Орақбаева «Білім көкжиегі – практикада» тақырыбында ветеринария саласының адам өміріндегі маңызы мен студент жастарға алған білімдерін тәжірибеде іске асыруға және мал шаруашылығы саласындағы өндірістік қызметке дайын, бәсекеге қабілетті маман болуға дайындау мақсатында тәжірибелік сабақ өткізді. Студенттердің теориялық білімдерін практикада қолданып, көрсету мақсатында өткен сабақ: Тараз қалалық ветеринариялық станция директоры: Қартабаев Қанатбек Қадірұлының, Аса аудандық ветеринариялық станция ветеринар дәрігері: Байсугуров Тулаған Жумамуратовичтің, Тараз инновациялық гуманитарлық институты ветеринария пәні мұғалімі: Абдибеков Бақытжан Тукеновичтің қатысуымен өтті.



Жарыстың қорытындысы бойынша Оразмаханбет Айгерім бас жүлдені, Үмбетбаев Диқан I орын, Дербіс Тахмина II орын, Ордалы Сағдат III орынды алды.

Жаңа заманауи трихинеллоскоп- жабайы доңыз еттерінде кездесетін трихинелл, трематод және де басқа паразит құрттарды анықтауға қолданылады. Колледжіміздің студенттері осы аппаратты қолдану арқылы анықтаған паразиттерді суретке түсіріп сақтап қоя алады, және болашақта еттің сапасын жақсы зерттейтін маман болып жетіледі

Талантты жастарды қолдау, жұмысшы және техникалық мамандықтарды насихаттау, кәсіптік білім беру ұйымдарының үздік студенттерін анықтау мақсатында өткізілген «Қазақстан Республикасы колледждерінің ең үздік 100 студенті» жобасына 1513000 «Ветеринария» мамандығының 1513012 «Жануарларды ветеринарлық өңдеуші оператор» біліктілігі бойынша оқитын студентіміз Үмбетбаев Дикан қатысып, үздіктердің қатарынан көрінді.



Ветеринарлық монитор МЛ-750 VET «Микролюкс» (Каналы SpO₂, НИАД, ЭКГ, Температура) жануарлардың тыныс алу жиілігін, жүрегінің сағысын, тамырының пульсының соғысын анықтауға қолданатын аппарат.



AcuVista VT880 цифрлық ультрадыбысты диагностикалық ветеринарлық узи аппарат-жануарлардың буаздығын анықтауда қолданылады.



3) техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 1, 2-қосымшаларына сәйкес техникалық және кәсіптік білім берудің оқу жоспарының үлгілері негізінде әзірленген жұмыс оқу жоспарларының болуы:

2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары бойынша талдау жазылады.

2020-2021 оқу жылына күндізгі оқу бөліміне 172 студент 5 мамандық бойынша оқуға қабылданды.

Мамандық атауы	Біліктілігі
0105000 «Бастауыш білім беру»	0105033 «Шетел тілінен бастауыш білім беру мұғалімі»
0101000 «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту»	0101013 «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының тәрбиешісі»

0513000 «Ветеринария»	1513012 «Жануарларды ветеринариялық өңдеуші операторы»
1508000 «Орман шаруашылығы бақ-саябақ және ландшафт құрылысы»	1508052 «Орманшы»
1304000 «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету»	1304043 «Техник -бағдарламашы»

2020-2021 оқу жылына сырттай оқу бөліміне 24 студент 2 мамандық бойынша оқуға қабылданды.

Мамандық атауы	Біліктілігі
0401000 «Кітапхана ісі»	0111013 «Кітапханашы»
0101000 «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту»	0101013 «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының тәрбиешісі»

Тараз инновациялық көпсалалы колледжінде оқу ұзақтығы білім беру бағдарламаларының күрделілігіне және берілетін біліктілік деңгейіне байланысты жұмысшы, орта буын маманы, қолданбалы бакалавриат біліктілігін бере отырып, оқу білім беру бағдарламалары арқылы іске асырылады.

2020-2021 оқу жылы колледжде оқу жұмыс жоспарларын белгілі бір бейін, мамандықтар мен біліктіліктер бойынша оқыту нысаны мен мерзімін көрсете отырып, техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың 1, 2 және 3-қосымшаларында келтірілген үлгілік оқу жоспарының негізінде, ол болмаған жағдайда ТЖКБ оқу жоспарының модельдері негізінде, модульдік оқыту технологиясы кезінде оқу жоспарының немесе кредиттік оқыту технологиясы кезінде оқу жоспарларының моделі негізінде әзірленді.

Қабылданған мамандықтар бойынша оқу жұмыс жоспары мен бағдарламаларын әзірлеуде Техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары және үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 15 маусымдағы № 384 бұйрығы (Қазақстан

Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 17 шілдеде № 11690 тіркелген, өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 72 бұйрығы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 31 қазандағы № 553 бұйрығымен бекітілген басшылыққа алынды. 2020-2021 оқу жылының жұмыс оқу жоспарлар **8 қосымшасында** ұсынылады.

2021-2022 оқу жылына күндізгі оқу бөліміне 189 студент 7 мамандық бойынша оқуға қабылданды.

Мамандық атауы	Біліктілігі
01140100 «Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі»	4S011140102 «Шетел тілінен бастауыш білім беру мұғалімі»
01120100 «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту»	4S01120102 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәрбиешісі»
08410100 «Ветеринария»	3W08410101 «Жануарларды ветеринариялық өңдеу жөніндегі операторы»
08210100 «Орман шаруашылығы (түрлері бойынша)»	3W08210102 «Орманшы»
06130100 «Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)»	4S06130103 «Бағдарламалық қамтамасыздандыруды құрастырушы»
10150100 «Туризм»	3W10150101 «Туризм жөніндегі нұсқаушы»
07230100 «Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу»	3W07230101 «Тігінші»

2021-2022 оқу жылына сырттай оқу бөліміне 15 студент 1 мамандық бойынша оқуға қабылданды.

Мамандық атауы	Біліктілігі
03220100 «Кітапхана ісі»	4S003220101 «Кітапханашы»

2021-2022 оқу жылы колледжде оқу жұмыс жоспарларын белгілі бір бейін, мамандықтар мен біліктіліктер бойынша оқыту нысаны мен мерзімін көрсете отырып, техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың 1, 2 және 3-қосымшаларында келтірілген үлгілік оқу жоспарының негізінде, ол болмаған жағдайда ТЖКБ оқу жоспарының модельдері негізінде, модульдік оқыту технологиясы кезінде оқу жоспарының немесе кредиттік оқыту технологиясы кезінде оқу жоспарларының моделі негізінде әзірленді.

Қабылданған мамандықтар бойынша оқу жұмыс жоспары мен бағдарламаларын әзірлеуде Техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары және үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 15 маусымдағы № 384 бұйрығы (Қазақстан

жолдарын таңдау, ағымдағы және қорытынды бақылау жүргізу, қызметті бағалау мен түзету.

Кадрларды даярлау деңгейіне қойылатын талаптар ТЖКБ білім беру бағдарламаларының мазмұны мен білім берудің деңгейіне сәйкес базалық және кәсіби құзіреттіліктермен анықталды.

ТЖКБ білім беру бағдарламалары олардың мазмұнына және білім алушылар даярлығының көзделген біліктілік деңгейіне байланысты мынадай құзыреттерді қалыптастыруға бағытталған:

1) белгілі бір деңгейде дербес әрекет ете отырып, оқытушының жетекшілігімен жұмыс жүргізу, негізгі базалық білімді қолдану, практикалық тапсырмаларды орындау, нұсқаулықпен берілген алгоритм бойынша іс-әрекет тәсілін таңдау, жұмыс жағдайының шарттарына сәйкес іс-әрекеттерді түзету;

2) қойылған міндеттерге сүйене отырып, белгілі бір еркіндік үлесімен іс-әрекет жүргізу, базалық, жалпы білім беретін және практикаға бағдарланған кәсіби білімді қолдану, стандартты және қарапайым бір типті практикалық міндеттерді шешу, білім мен практикалық тәжірибе негізінде белгілі әрекет тәсілдерін таңдау, алынған нәтижелерді ескере отырып қызметті түзету;

3) маңызды әлеуметтік және этикалық аспектілерді ескере отырып, басқалардың стандартты жұмысына басшылық жасау, өзінің оқуы мен басқаларды оқытуға жауапты болу, қызметті және практикалық тәжірибені жүзеге асыру үшін кәсіби (практикалық және теориялық) білімді қолдану, жұмыс жағдайын және оның болжамды өзгерістерін дербес талдауды талап ететін кең спектрдің типтік практикалық міндеттерін шешу, қызметті жүзеге асырудың технологиялық жолдарын таңдау, ағымдағы және қорытынды бақылау жүргізу, қызметті бағалау мен түзету.

2022-2023 оқу жылы білім алушылардың даярлық деңгейіне қойылатын талаптар:

Білім алушылардың даярлық деңгейіне қойылатын талаптар ұлттық біліктілік шеңберінің, салалық біліктілік шеңберлерінің, кәсіптік стандарттар дескрипторларымен айқындалады және қол жеткізілген оқыту нәтижелерінен байқалатын меңгерілген негізгі құзыреттерді көрсетеді.

Дескрипторлар даярлаудың мынадай деңгейлеріне қол жеткізген кезде білім алушылардың қабілеттерін сипаттайтын оқыту нәтижелерін көрсетеді:

-білікті жұмысшы кадрларды даярлау кезінде: қойылған міндеттерге сүйене отырып, белгілі бір еркіндік үлесімен іс-әрекет жүргізу, базалық, жалпы білім беретін және практикаға бағдарланған кәсіби білімді қолдану,

-стандартты және қарапайым бір типті практикалық міндеттерді шешу, білім мен практикалық тәжірибе негізінде белгілі әрекет тәсілдерін таңдау, алынған нәтижелерді ескере отырып қызметті түзету;

-орта буын мамандарын даярлау кезінде: маңызды әлеуметтік және этикалық аспектілерді ескере отырып, басқалардың стандартты жұмысына

басшылық жасау, өзінің оқуы мен басқаларды оқытуға жауапты болу, қызметті және практикалық тәжірибені жүзеге асыру үшін кәсіби (практикалық және теориялық) білімді қолдану, жұмыс жағдайын және оның болжамды өзгерістерін дербес талдауды талап ететін кең спектрдің типтік практикалық міндеттерін шешу, қызметті жүзеге асырудың технологиялық жолдарын таңдау, ағымдағы және қорытынды бақылау жүргізу, қызметті бағалау мен түзету.

Кадрларды даярлау деңгейіне қойылатын талаптар ТЖКБ білім беру бағдарламаларының мазмұны мен білім берудің деңгейіне сәйкес базалық және кәсіби күзіреттіліктермен анықталды.

ТЖКБ білім беру бағдарламалары олардың мазмұнына және білім алушылар даярлығының көзделген біліктілік деңгейіне байланысты мынадай құзыреттерді қалыптастыруға бағытталған:

1) белгілі бір деңгейде дербес әрекет ете отырып, оқытушының жетекшілігімен жұмыс жүргізу, негізгі базалық білімді қолдану, практикалық тапсырмаларды орындау, нұсқаулықпен берілген алгоритм бойынша іс-әрекет тәсілін таңдау, жұмыс жағдайының шарттарына сәйкес іс-әрекеттерді түзету;

2) қойылған міндеттерге сүйене отырып, белгілі бір еркіндік үлесімен іс-әрекет жүргізу, базалық, жалпы білім беретін және практикаға бағдарланған кәсіби білімді қолдану, стандартты және қарапайым бір типті практикалық міндеттерді шешу, білім мен практикалық тәжірибе негізінде белгілі әрекет тәсілдерін таңдау, алынған нәтижелерді ескере отырып қызметті түзету;

3) маңызды әлеуметтік және этикалық аспектілерді ескере отырып, басқалардың стандартты жұмысына басшылық жасау, өзінің оқуы мен басқаларды оқытуға жауапты болу, қызметті және практикалық тәжірибені жүзеге асыру үшін кәсіби (практикалық және теориялық) білімді қолдану, жұмыс жағдайын және оның болжамды өзгерістерін дербес талдауды талап ететін кең спектрдің типтік практикалық міндеттерін шешу, қызметті жүзеге асырудың технологиялық жолдарын таңдау, ағымдағы және қорытынды бақылау жүргізу, қызметті бағалау мен түзету.

18) Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес білім беру бағдарламаларын игеру мерзімдерін сақтау өлшемшарттары:

2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары бойынша талдау жазылады.

2020-2021 оқу жылдары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын бекіту туралы» бұйрығына және ҚР Білім және ғылым министрінің №553 бұйрығымен бекітілген Типтік оқу жоспарына сәйкес колледжде беру бағдарламаларын меңгеру мерзімі төменде көрсетілген.

№	Мамандық атауы	Біліктілігі	оқыту мерзімдері	
			Негізгі орта білім базасында	Жалпы орта білім базасында
1	0105000 «Бастауыш білім беру»	0105033 «Шетел тілінен бастауыш білім беру мұғалімі»	3 жыл 10 ай	2 жыл 10 ай
2	0101000 «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту»	0101013 «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының тәрбиешісі»	3 жыл 10 ай	2 жыл 10 ай
3	0513000 «Ветеринария»	1513012 «Жануарларды ветеринариялық өңдеуші операторы»	2 жыл 10 ай	1 жыл 10 ай, 10 ай
4	1508000 «Орман шаруашылығы бақ-саябақ және ландшафт құрылысы»	1508052 «Орманшы»	2 жыл 10 ай	1 жыл 10 ай, 10 ай
5	1304000 «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету»	1304043 «Техник - бағдарламашы»	3 жыл 10 ай	2 жыл 10 ай

2020-2021 оқу жылына сырттай оқу бөліміне 24 студент 2 мамандық бойынша оқуға қабылданды.

Мамандық атауы	Біліктілігі	Білім беру бағдарламасынигеру мерзімі
0401000 «Кітапхана ісі»	0111013 «Кітапханашы»	1 жыл 10 ай
0101000 «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту»	0101013 «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының тәрбиешісі»	2 жыл 10 ай

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес білім беру бағдарламаларын игеру мерзімдерін сақтауды айқындайтын 2020-2021 оқу жылының жұмыс оқу жоспарлар 8 қосымшасында ұсынылады.

2021-2022 оқу жылы ұйымдастыру кезінде Қазақстан Республикасы

Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 5-қосымшасы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 27 қыркүйектегі № 500 бұйрығымен бекітілген Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің мамандықтары мен біліктіліктерінің сыныптауышын басшылыққа ала отырып оқу білім беру бағдарламаларын игеру мерзімдері біліктіліктердің күрделілігіне және/немесе санына байланысты және МЖБС модельдеріне сәйкес көзделген кредиттер/сағаттардың көлемімен айқындалды.

Колледжде өндіріс орындары мен академиялық оқу процесі арасындағы қарым-қатынасты жүйелі жолға қою, өндіріс талаптарына сай білім беру бағдарламаларын өзектендіруді қолдау мақсатында колледж директоры 2022ж. 10.01. № 6 бұйрығымен индустриалдық кеңес құрамы бекітілген. Кеңестің құрамына жұмыс берушілер, әкімшілік қызметкерлері, педагогтар, студенттері және колледж түлектері кірді.

2021-2022 оқу жылына жоспарланған қабылдау бойынша мамандықтардың жұмыс оқу жоспарлар индустриалдық кеңесте талдап, қаралды, мазмұнына және білім беру бағдарламаларын игеру мерзімдері біліктіліктердің күрделілігіне және/немесе санына байланысты тиісті ұсыныстар берілген.

2021-2022 оқу жылына күндізгі оқу бөліміне 189 студент 7 мамандық бойынша оқуға қабылданды.

№	Мамандық атауы	Біліктілігі	оқыту мерзімдері	
			Негізгі орта білім базасында	Жалпы орта білім базасында
1	01140100 «Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі»	4S011140102 «Шетел тілінен бастауыш білім беру мұғалімі»	3 жыл 10 ай	2 жыл 10 ай
2	01120100 «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту»	4S01120102 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәрбиешісі»	3 жыл 10 ай	2 жыл 10 ай
3	08410100 «Ветеринария»	3W08410101 «Жануарларды ветеринариялық өңдеу жөніндегі операторы»	2 жыл 10 ай	1 жыл 10 ай, 10 ай
4	08210100 «Орман шаруашылығы (түрлері бойынша)»	3W08210102 «Орманшы»	2 жыл 10 ай	1 жыл 10 ай, 10 ай
5	06130100 «Бағдарламалық	4S06130103 «Бағдарламалық	3 жыл 10 ай	2 жыл 10 ай

	қамтамасыз ету (түрлері бойынша)»	қамтамасыздандыруды құрастырушы»		
6	10150100 «Туризм»	3W10150101 «Туризм жөніндегі нұсқаушы»	2 жыл 10 ай	1 жыл 10 ай
7	07230100 «Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу»	3W07230101 «Тігінші»	2 жыл 10 ай	1 жыл 10 ай

2021-2022 оқу жылына сырттай оқу бөліміне 15 студент 1 мамандық бойынша оқуға қабылданды.

Мамандық атауы	Біліктілігі	Білім беру бағдарламасынигеру мерзімі
03220100 «Кітапхана ісі»	4S003220101 «Кітапханашы»	1 жыл 10 ай

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес білім беру бағдарламаларын игеру мерзімдерін сақтауды айқындайтын 2021-2022 оқу жылының жұмыс оқу жоспарлар 8 қосымшасында ұсынылады.

2022-2023 оқу жылы .

2022-2023 оқу жылына 227 студент 6 мамандық бойынша оқуға қабылданды.

№	Мамандық атауы	Біліктілігі	оқыту мерзімдері	
			Негізгі орта білім базасында	Жалпы орта білім базасында
1	01140100 «Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі»	4S011140102 «Шетел тілінен бастауыш білім беру мұғалімі»	3 жыл 10 ай	2 жыл 10 ай
2	01120100 «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту»	4S01120102 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәрбиешісі»	3 жыл 10 ай	2 жыл 10 ай
3	08410100 «Ветеринария»	3W08410101 «Жануарларды ветеринариялық өңдеу жөніндегі операторы»	2 жыл 10 ай	1 жыл 10 ай, 10 ай
4	08210100 «Орман шаруашылығы (түрлері бойынша)»	3W08210102 «Орманшы»	2 жыл 10 ай	1 жыл 10 ай, 10 ай

5	06130100 «Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)»	4S06130103 «Бағдарламалық қамтамасыздандыруды құрастырушы»	3 жыл 10 ай	2 жыл 10 ай
6	10150100 «Туризм»	3W10150101 «Туризм жөніндегі нұсқаушы»	2 жыл 10 ай	1 жыл 10 ай

2022-2023 оқу жылына сырттай оқу бөліміне 6 студент 1 мамандық бойынша оқуға қабылданды.

Мамандық атауы	Біліктілігі	Білім беру бағдарламасын игеру мерзімі
03220100 «Кітапхана ісі»	4S003220101 «Кітапханашы»	1 жыл 10 ай

2022-2023 оқу жылы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымының (бұдан әрі – ТЖКОБ) құзыретіне заңнамалық деңгейде «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне баланың құқықтарын қорғау, білім беру, ақпарат және ақпараттандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2022 жылғы 3 мамырдағы № 118-VII ҚРЗ Заңына сәйкес академиялық дербестік бекітілген.

ТЖКБ-ның білім беру бағдарламаларын игеру мерзімдері біліктіліктердің күрделілігіне және/немесе санына байланысты және МЖБС модельдеріне сәйкес көзделген кредиттер/сағаттардың көлемімен айқындалады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 12 тамыздағы № 5-13-4/2937-И хаты негізінде жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламалары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығының 5-қосымшасы (ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 23.07.2021 № 362 бұйрығы) негізінде ҚР Білім және ғылым министрінің №553 бұйрығымен бекітілген Типтік оқу жоспарына сәйкес білім беру бағдарламаларын меңгеру жұмыс берушілердің қатысуымен осы МЖБС, кәсіптік стандарттар (бар болса) талаптарының негізінде дербес әзірленді.

Білім беру бағдарламасының құрылымына паспорт, жұмыс оқу жоспары және жұмыс оқу бағдарламалары кіреді. Білім беру бағдарламаларын іске асыру кезінде мынадай базалық модульдер оқытылады: дене қасиеттерін дамыту және жетілдіру, ақпараттық-коммуникациялық және цифрлық технологияларды қолдану, экономиканың базалық білімін және кәсіпкерлік негіздерін қолдану, қоғам мен еңбек ұжымында әлеуметтену және бейімделу үшін әлеуметтік ғылымдар негіздерін қолдану және "Қоғам мен еңбек ұжымында әлеуметтену және бейімделу үшін әлеуметтік ғылымдар

негіздерін қолдану" модулін қосуды орта буын мамандарын даярлаудың білім беру бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылды. Мамандық бейініне байланысты кәсіптік модульдерге біріктірілді, теориялық оқытумен қатар өндірістік оқыту мен кәсіптік практика қамтылды (Кәсіптік практика оқу, өндірістік және дипломалды).

Өндірістік оқыту мен кәсіптік практиканы өткізу мерзімдері мен мазмұны оқу процесінің жоспарымен және жұмыс оқу бағдарламаларымен айқындалды.

Дуальды оқытуды білім беру ұйымдарындағы теориялық оқытуды және кәсіпорын (ұйым) базасында кемінде алпыс пайыздық өндірістік оқытуды, кәсіптік практиканы қамтыды. Практикалық сабақтардың мерзімдері мен мазмұны жұмыс оқу жоспарларында, оқу процесінің кестесінде және жұмыс оқу бағдарламаларында айқындалып жұмыс берушілермен келісілді.

Білім беру бағдарламаларын игеру мерзімдері біліктіліктердің күрделілігіне және/немесе санына байланысты және МЖБС модельдеріне сәйкес көзделген кредиттер/сағаттардың көлемімен айқындалып Техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 2-қосымшасы білікті жұмысшы кадрлар мен орта буын маманы деңгейлері үшін техникалық және кәсіптік білім берудің оқу жоспарының моделіне сәйкес әзірленді.

5. Оқу-материалдық активтер:

1) *Ғимарат туралы мәлімет (ғимарат типі, салынған жыл, жобалық қуаты, күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарға қажеттілік және т.б.):*

ғимарат туралы талдау жазылады.

Тараз инновациялық көпсалалы колледжінің мекен жайы Тараз қаласы, Рысбек Батыр 13 Б үй. Мекеменің жалпы алаңы - 1755 шаршы мет. Ғимараттың ауқымы - 8334. Ғимарат түрі типтік, ыңғайландырылған, кірпіштен салынған. Салыну жылы 1956ж. Жобалық қуаты 750 адам. Оқу орнындағы өрт қауіпсіздігі және басқа да табиғи төтенше жағдайлар кезінде студенттер мен қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында орнатылған «дабыл нүктесі» Жамбыл облысының Төтенше жағдайлар департаментінің өрт жүйесіне тіркелеген.

Колледждің базасында 1 екі қабатты оқу ғимараты, 1 ашық спорт алаңы, 1 жылыжай бар. Ғимараттың ішінде - 18, сыртқы ауласында 7, барлығы – 25 бейнебақылау орналастырылған. Колледж ғимаратына және сыртқы ауласына жыл сайын ағымдық жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Колледж туралы бейнематериал колледждің ресми интернет ресурстарына орналасқан.

2) *Білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ететін меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару немесе сенімгерлік басқару құқығына тиесілі материалдық активтердің болуы немесе қолданылу мерзімі кемінде 10 жыл материалдық активтерді жалға алу туралы*

мәліметтер (кабинеттер, лекциялық аудиториялар, практикалық дәрістерге арналған үй-жайлар, зертханалар, нақты біліктіліктер, мамандықтар бойынша шеберханалар, акт және дене шынықтыру залдары, әлеуметтік-тұрмыстық және өзге мақсаттағы (өткізу пункттері, санитарлық тораптар (унитаз, жуынатын раковиналар), білім беру ұйымының үй-жайларында және (немесе) іргелес аумақтарында бейнебақылаудың болуы, ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін жағдайлардың болуы, тұру үшін жағдайлардың болуы):

материалдық активтер туралы мәліметтер, 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары бойынша толықтырылуына талдау жазылады.

Колледждің материалдық-техникалық базасында 18 – оқу кабинеттері, 2 - дәріс аудиториялары, ота жасау ветеринариялық оқу – өндірістік зертханасы -1, орманды механизациялау оқу – өндірістік зертханасы-1, 1- акт залы, 1 - спорт залы, 1- кітапхана, 1 - оқу залы, 1 -интеллектуалды ойын залы, 1- буфет, 1- өткізу пункті, 8 - унитаздар, 10 - раковиналар, бейне бақылау камералары – барлығы 25 (іште 18 бейнекамера, сыртта 7 бейнекамера) , ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін тактильді жолақтар, пандус және көмек шақыруға арналған қоңырау орнатылған.

Колледждің материалдық-техникалық базасы туралы қосымша мәліметтер **17 қосымшада** көрсетілген

Оқу ғимараты мен нысандардың жалпы аумағы мен сыйымдылығы.

№	Бөлімшелер аты	Саны	Көлемі (м ²)	Бір мезгілдік сыйымдылығы
1	Оқу корпусы	1	8334	750
2	Оқу залы	1	38	40
3	Акт залы	1	70	80
4	Зертхана	2	56	25
5	Буфет	1	38	30
6	Медкабинет	1	20	-
7	Ашық спорт сауықтыру алаңы	1	120	100

Тараз инновациялық көпсалалы колледжінің материалдық – техникалық базасы туралы қосымша мәліметтер

Дәрісханалар түрлері. Жалпы ауданы(м ²)	Жаңа компьютерлік техникалар, олардың саныЛокалді желіге біріктірілгені. Интернетке қосылуы	Берілген жер телімінің жағдайы (көгалдандыру)
--	--	--

<p>Оқу кабинеттері 18 (552м²); Оқу дәрісханалары 2 (66 м²); Зертханалар 2 (56м²); Ашық спорт алаңы – 1 (120 м²); Компьютерлік класстар – 2 (69м²); Буфет – 1 (30м²); Медкабинет – 1 (20м²); Акт залы – 1 (70м²); Кітапхана -1(20м²); Оқу залы – 1 (38м²);</p>	<p>Дербес компьютерлер 51 Интерактивті тақталар – 12 Проекторлар -12 Вебкамералар – 4 Оқу үрдісіне арналған камералар – 2 Ноутбук - 10 Теледидар - 2 Видеомагнитофон - 1 DVD - 1 Принтер - 8 Түрлі түсті принтер- 2 Сервер құрылғысы – 1 Сканер - 7 Факс - 1 Модем - 2 Видеокамера - 1 Фотоаппарат - 1 Плоттер – 2 Ламинатор - 1 Переплет аппараты - 1 Ксерокс А4 -7 Бейне бақылау камерасы -25 Бейне бақылау компоненті - 1 Спутниктік тюнер - 5 Спутниктік антенна - 4 Мультимедиялық подиум-1 Мультимедиялық подиумтақтасы - 1 Планшет – 5 Электронды оқулық - 10 Лингафон – 10</p>	<p>Жер телімі 0,7807га; Отырғызылған ағаштар -33, шыршалар - 216 дана;</p>
--	---	--

6. Ақпараттық ресурстар және кітапханалық қор:

1) *Білім алушылар контингентіне қатысты жұмыс оқу жоспарына сәйкес, оның ішінде оқыту тілдері бойынша, мамандықтың дайындалатын біліктіліктері бойынша оқудың толық кезеңіне арналған оқу және ғылыми әдебиеттердің кітапхана қорының болуы туралы мәліметтер:*

2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары бойынша талдау жазылады.

2020-2021 оқу жылы

Тараз инновациялық көпсалалы колледжі кітапханасының жалпы қоры 1421 дананы құрайды. Қосымша қорды анықтамалықтар мен сөздіктер, әдістемелік оқулықтар мен нұсқаулар және мерзімді басылымдар құрайды.

Анықтамалықтар мен сөздіктер саны – 220 дана, әдістемелік оқулықтар мен нұсқаулардың жалпы саны – 235 дана, жалпы кәсіптік – 1200 дана, электрондық оқулықтар – 26, әдеби кітаптар – 300, жалпы білім беретін оқулықтар – 220, арнайы пәндер – 220

Колледж кітапханасына келіп түскен кітаптар саны 120 дана:

№	Қазақ тілінде	Орыс тілінде	Шет тілінде	Электронды оқулық	Барлығы
1	95	10	-	15	120

2021-2022 оқу жылы

Колледж кітапханасының қоры 1541 дана кітапты құрайды.

Жаңартылған бағдарлама бойынша жалпы пәндерге арналған оқу құралдары 500. Жаңартылған бағдарлама бойынша жалпы пәндерге арналған әдістемелік нұсқаулар саны -30

Кітапханадағы әдістемелік оқулықтардың жалпы саны – 1650 дана.

Жалпы білім беретін оқулықтар - 350

Арнайы пәндер – 300

Энциклопедия мен сөздіктер – 100

Әдеби кітаптар – 400

Басқа қосымша кітаптар - 500

2021-2022 оқу жылында колледж кітапханасына келіп түскен кітаптар саны

№	Оқу жылы	Қазақ тілінде	Орыс тілінде	Шет тілінде	Электронды оқулық	Барлығы
1	2021-2022 оқу жылы	30	5	-	-	35

2022-2023 оқу жылы

Қазіргі таңда кітапхана қорында 1581 кітап бар. Осының ішінде жаңартылған оқу бағдарламасы бойынша 500 дана оқу құралдарын құрайды.

Әдістемелік оқулықтар саны - 400 дана

Арнайы оқу пәндерінен- 350 дана

Электрондық оқулықтар мен плакаттар – 30

Жалпы мемлекеттік тілде оқулықтар- 350 дана

Орыс тілінде- 100 дана

Әдеби кітаптар - 450 дана

Энциклопедия мен сөздіктер - 100 дана

Басқа қосымша кітаптар - 200 дана

Әдістемелік ұсынымдардың 18 қосымшаға сәйкес оқу және ғылыми әдебиетқорының болуы туралы мәліметтер 34 қосымшасында ұсынылады

2) *Компьютерлік сыныптармен, интернет желісіне қосылған компьютерлермен жарақтандыру туралы мәліметтер.*

2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары бойынша талдау жазылады.

Мобильдік кітапханаға тапсырыс беріп, қазіргі заманғы талап бойынша QR код арқылы кітапты жүктеп алу арқылы, онлайн форматында әдеби кітаптарды қазақ әдебиетті сабақтарынан қолдануда.

7. Білім алушылардың білімін бағалау:

Білім алушыларды қорытынды және қайта қорытынды аттестаттау нәтижелерін талдау:

2020-2021, 2021-2022 оқу жылдары бойынша талдау жазылады.

Қорытынды аттестаттау студенттердің тиісті мамандық бойынша білім беретін бағдарламаларын меңгеру деңгейін анықтау мақсатында жүргізіледі.

Білім беру ұйымдарында білім алушыларды қорытынды аттестаттауды өткізу үшін білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен қорытынды аттестаттау комиссиясы құрылады.

Комиссия қорытынды аттестаттауды өткізу кезеңінде қорытынды аттестаттауды өткізуге бір ай қалғанда құрылады.

Қорытынды аттестаттау комиссиясының құрамы дауыс беру құқығынсыз хатшыны қоса алғанда кәсіпорындардың білікті мамандарынан, арнайы пәндер оқытушыларынан, өндірістік оқыту шеберлерінен және оқу орнын басқарудың алқалы органдары өкілдерінен, яғни жұмыс берушілер өкілдерінен 65% және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының өкілдерінен 35% арақатынасында құрылады.


Комиссия білім алушылардың техникалық және кәсіптік білімнің, орта білімнен кейінгі білімнің жалпыға міндетті білім беретін стандарттарымен белгіленген теориялық және практикалық дайындық деңгейінің, өнеркәсіптік оқытудың, жалпы кәсіптік және арнайы пәндердің нақты білім, іскерлік және практикалық дағды деңгейіне сәйкестігін, олардың оқу бағдарламалары талаптары мен мамандық бойынша біліктілік сипаттамаларына сәйкестігін анықтайды.

Студенттерді қорытынды аттестаттау оқу процесінің кестесінде және жұмыс оқу жоспарында қарастырылған мерзімде, арнайы пәндер бойынша қорытынды емтихан тапсыру және/немесе диплом жобасын (жұмысын) қорғау түрінде өткізіледі. Арнайы пәндер бойынша қорытынды емтихан жұмыс бағдарламасына сәйкес мына формада өткізіледі: ауызша, жазбаша бірнеше пәннің сұрақтарын қамтитын кешенді емтихан.


Оқу орны қызметінің маңызды көрсеткіші, колледж түлектерінің қорытынды аттестациясы болып табылады. 2020-2021, 2021-2022 оқу жылында қорытынды аттестацияны тапсыру нәтижелері төмендегі кестеде берілген.

**Қорытынды аттестаттау сапасының
мониторингі**


№	шифр	Мамандық	Оқу жылы	Барлық білім алушылар, адам	Орташа балл	Үлгерім, %	Сапалық көрсеткіш, %
1	0105000 0105033	«Бастауыш білім беру» «Шетел тілінен бастауыш білім беру мұғалімі»	2020-2021	5	4,3	100	87
			2021-2022	7	4,6	100	97
2	1513000 1513012	«Ветеринария» «Жануарларды ветеринарлық өңдеуші оператор»	2020-2021	30	4,5	100	85
			2021-2022	24	4,6	100	88
3	0101000 0101013	«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының тәрбиешісі» дуальды	2021-2022	22	4,5	100	85
4	1508000 1508052	«Орман шаруашылығы бақ-саябақ және ландшафт құрылысы» «Орманшы» дуальды	2020-2021	56	4,3	100	78
			2021-2022	69	4,5	100	82
5	1504000 1504113	«Фермер шаруашылығы» «Фермер»	2021-2022	23	4,5	100	85
6	0401000 0111013	«Кітапхана ісі» «Кітапханашы» (сырттай)	2020-2021	14	4	100	77
			2021-2022	7	4,2	100	80
7	0101000 0101013	«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының тәрбиешісі» (сырттай)	2020-2021	26	4,2	100	78
			2021-2022	18	4,4	100	86




0105000 «Бастауыш білім беру» мамандығының 0105033 «Шетел тілінен бастауыш білім беру мұғалімі» біліктілігінің қорытынды аттестаттау сапасының мониторингі 2021-2022 оқу жылын 2020-2021 оқу жылымен салыстырғанда сапалық көрсеткіші 10 пайызға, ортақ балы 0,3 балға өскен.




1513000 «Ветеринария» мамандығының 1513012 «Жануарларды ветеринарлық өңдеуші оператор» біліктілігінің қорытынды аттестаттау сапасының мониторингі 2021-2022 оқу жылын 2020-2021 оқу жылымен салыстырғанда сапалық көрсеткіші 3 пайызға, ортақ балы 0,1 балға өскен.



1508000 «Орман шаруашылығы бақ-саябақ және ландшафт құрылысы» мамандығының 1508052 «Орманшы» біліктілігінің қорытынды аттестаттау сапасының мониторингі 2021-2022 оқу жылын 2020-2021 оқу жылымен салыстырғанда сапалық көрсеткіші 4 пайызға, ортақ баллы 0,2 балға өскен.



0401000 «Кітапхана ісі» мамандығының 0111013 «Кітапханашы» біліктілігінің қорытынды аттестаттау сапасының мониторингі 2021-2022 оқу жылын 2020-2021 оқу жылымен салыстырғанда сапалық көрсеткіші 3 пайызға, ортақ балы 0,2 балға өскен.



0101000 «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығының 0101013 «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының тәрбиешісі» біліктілігінің қорытынды аттестаттау сапасының мониторингі 2021-2022 оқу жылын 2020-2021 оқу жылымен салыстырғанда сапалық көрсеткіші 8 пайызға, ортақ балы 0,2 балға өскен.

8. Білім беру процесіне қатысушылардың және басқа респонденттердің сауалнамасы:

Ұсынылатын білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау бойынша білім беру процесіне қатысушылардың сауалнамасының нәтижелерін талдау:

сауалнама нәтижелері бойынша талдау жазылады.

2023 жылдың қаңтар айының 23-27 аралығында жоғарғы курс студенттері арасында топтағы білімгерлердің «оқу мотивациясын анықтау» мақсатында алынған сауалнаманың қорытындысы. 11 сұрақтан тұратын сауалнамаға 170 студент қатысты, қазақ тілінде алынды. Сауалнама мақсаты студенттердің оқуға деген ынтасын, оқытушылармен қарым қатынасын және колледжге деген ой пікірлерімен бөлісті.


Колледж атауы	Сауалнамаға қатысқан студенттер	Ия	Жоқ	Сенімді емеспін
Тараз инновациялық көпсалалы колледжі	170	88%	9%	3%

Студенттер оқуға деген ынтасын жақсы деп бағалады.

«Мен басқа колледжде емес, дәл осы колледжде оқығанымды мақтан тұтамын» -деген сұраққа студенттердің басым бөлігі «ия» деген жауап берді.

«Маған оқу қиын болған кезде, мен әрқашан кураторға немесе кез келген оқытушыға жүгіне аламын» -деген сұраққа студенттердің басым бөлігі «ия» деген жауап берді.

«Менің ойымша, колледжде, дене шынықтыру мен спортқа, сыныптан тыс жұмыстарға, бос уақытқа көп көңіл бөлінеді» -деген сұраққа студенттердің басым «ия» деген жауап 64% болса, «жоқ» деген жауап бергендер 30% болды. Сондықтан осы сауалнама нәтижесін талдай келе колледжімізде көптеген тәрбиелік, ғылыми іс шаралар ұйымдастырылып, топтық ойындар өткізілуде.



2023 жылдың қаңтар айының 23-27 күндері мұғалімдерден сауалнама алынды. Сауалнама мақсаты колледждегі оқу процесіне деген ойын анықтау. Сауалнама бойынша берілген сұрақтары келесідей:

«Оқу-әдістемелік қызмет ұсынған педагогикалық кеңестер, семинарлар, конференциялар тақырыптары сіздің білім беру қажеттіліктеріңізге сәйкес келе ме? -деген сұраққа мұғалімдердің басым бөлігі «ия» деген жауап берді.

«Сіздің білім беру ұйымыңызда оқу-әдістемелік жұмысты дамытуға қандай үлес қоса аласыз?» –деген сұраққа мұғалімдердің көпшілігі «біліктілікті арттыру курстары» деген жауап берген болса, біршамасы «семинар-практикумдарға қатысу», «ғылыми-шығармашылық жұмыстармен айналысу» деп жауап берді.

Осы сауалнаманы талдау бойынша практикалық сабақтары көбейтілді және оқу жұмыс бағдарламасынба бағалау критерилері қайтадан қарастырылды, сабақтардың сапасын көтеру мақсатында колледж әдістемелік

кабинеті тарапынан жаңа технология бойынша сабақ беруді үйрету мақсатында оқытушыларға семинар жүргізілді.

Тараз инновациялық көпсалалы колледжімен 3-жақты келісім-шарттағы мекемелермен «Түлектерді даярлау сапасымен жұмыс берушілердің қанағаттануы» бойынша жүргізілген сауалнама қорытындысы.

Сауалнамаға қатысқан ірі мекемелер:

- Агробиологиялық ғылыми-зерттеу институты мекемесі
- ТОО «Жасыл Ел-Тараз»
- «Байзақ ормандары және жануарлар дүниесін қорғау»
- «Жамбыл ормандары және жануарлар дүниесін қорғау»
- КХ «Азамат»
- №36 «Бүлдіршін» бөбекжай-балабақшасы
- № 6 «бөбекжай-бақшасы»
- "Тараз қаласының ветеринариялық станциясы" шаруашылық жүргізу құқығындағы КММ
- "Жамбыл ауданының ветеринариялық станциясы" шаруашылық жүргізу құқығындағы КММ
- "Байзақ ауданының ветеринариялық станциясы" шаруашылық жүргізу құқығындағы КММ
- "Жуалы ауданының ветеринариялық станциясы" шаруашылық жүргізу құқығындағы КММ
- Кх «Ахмет»

9. Кемшіліктер мен ескертулер, оларды шешу жолдары:

өзін-өзі бағалау кезінде анықталған кемшіліктер мен ескертулер, шешу жолдары жазылады.

Өзін-өзі бағалау кезінде анықталған кемшіліктер мен ескертулер:

1. 01140100 «Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі», 07230100 «Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу» мамандығын дуальды оқыту технологиясына көшіру.

Шешу жолдары: аймақтық әлеуметтік серіктестермен келісім шарттар жасау және саны көбейту.

2. Колледж әкімшілігі оқу үдерісінің тиімділігін арттыру және тәжірибе алмасу мақсатында басқа өңірлердің оқу орындарымен халықаралық ынтымақтастықты күшейту.

Шешу жолдары: аймақтық және республикалық колледждермен келісім шарттар жасау.

3. Колледж кітапханасының барлық мамандықтары бойынша арнайы пәндер бойынша мемлекеттік тілдегі оқулықтармен кітап қорын жаңартуға және толықтыруға бағытталған жұмыстарды жүргізу.

Шешу жолдары: Арнайы пәндер бойынша материалдық техникалық базаны жетілдіру мүмкіндігін қарастыру, электронды каталог карталарына тапсырыс беру және оларды орнату. Барлық мамандықтар бойынша арнайы пәндер бойынша мемлекеттік тілдегі оқулықтармен кітап қорын жаңартуға және толықтыруға бағытталған жұмыстарды жүргізу.

4. Түлектер туралы ақпарат, олардың жұмысқа орналасуына мониторинг <http://tikk.kz/> сайтында көрсетілген.

Шешу жолдары: Түлектер туралы барлық ақпаратты [http://tikk.kz /](http://tikk.kz/) жарияланым сайтында орналастыруға арналған ақпараттық қызметтер жасалуда.

5. Кәсіби бағдар беру жұмысының ауқымын кеңейту.

Шешу жолдары: Кәсіби бағдар беру жұмыс жоспарын толықтыру, мамандықтар бойынша мектеп оқушылары арасында кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жетілдіру, белсендіру.

10. Қорытындылар мен ұсыныстар:

өзін-өзі бағалау қорытындысы, проблемалар, шешу жолдары, ұсынымдар және тағы басқалар жазылады.

«Тараз инновациялық көпсалалы колледжі» мекемесі Құрылтайшылар Кеңесі шешімімен (№1 хаттама, 27-сәуір 2017 жыл) оралымды басқару құқығы негізінде құрылып, меншік субъектісі ретінде Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігіне 2017 жылы тіркеліп, өз жұмысын бастады. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 19.07.2017 жылы №KZ40LAA00009763 сериялы мемлекеттік лицензиясы берілді. Келер жылы, яғни 2023 жылы оқу орнына 6 жыл толады.

ARQA білім сапасын аккредиттеу және сараптау жөніндегі тәуелсіз агенттігі Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының «Тараз инновациялық көпсалалы колледжі» 22-26.12.2019 жыл аралығында мамандандырылған аккредиттеу жүргізді. Аккредиттеу Кеңесінің 26.12.2019 жылғы отырысының нәтижелері бойынша VET – IA - 000029 тіркеу нөмірімен куәлік берілді, ол 2019 жылғы 26 желтоқсаннан бастап 2024 жылғы 25 желтоқсанға дейін жарамды.

Бүгінгі таңда мекемеде 54 педагог қызметкер жұмыс атқарады. Колледжде 8 мамандық бойынша 552 студент білім алады. Оның 373 мемлекеттік тапсырыс негізінде, 179 ақылы негізінде мемлекеттік тілінде оқытылады.

Колледждің педагогикалық ұжымы өз қызметінің негізі ретінде колледж миссиясы: «Бәсекеге қабілетті, білімді, еркін дамыған жан-жақты ұрпақ тәрбиелеу».

Колледж міндеті:

- Ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби қалыптасуына бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, практика ғылымының жетістіктері;
- Студенттермен кәсіптік бағдар жұмысын қамтамасыз ету;
- Теориялық оқыту, өндірісте оқыту және еңбек нарығының қажеттіліктері арасындағы өзара байланысты қамтамасыз ететін, әрқайсысына білімге негізделген қоғамда өзінің жеке әлеуетін барынша пайдалануға көмектесетін оқыту жүйесін дамыту;
- Кәсіптік білім берудің қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттіліктеріне уақытылы бейімделуіне ықпал ететін оқытудың жаңа технологияларын енгізу және тиімді пайдалану;
- Техникалық және кәсіптік білім беру және өндіріс бойынша білім беру бағдарламаларының интеграциясы.

Колледжде «Worldskills» колледжшілік чемпионатын өткізу өткенде 2021-2022 оқу жылынан жылдан бастап дәстүрлі жолға қойылған. Колледж студенттері 2020 жылдан облыстық, өңіраралық және Республикалық чемпионаттардың тұрақты қатысушысы және жүлдегерлері.

2020-2021 оқу жылы;

«WorldSkills JAMBYL-2020» облыстық чемпионатында «Мектепке дейінгі оқыту» күзиреттілікгі бойынша қатысып ІІ орын Абылқасова Жанбота Қанатқызы иеленді. «Педагогикалық старт -2020» облыстық жас мамандар байқауында «Үздік педагогикалық эссе» номинациясымен Болысбай Айгуль Нурманқызы иеленді. Облыстық білім басқармасы мен «Жамбыл – Адалдық алаң» жобалық офісінің ұйымдастыруымен өткен ІQ дода зияткерлік ойынында ІІ дәрежелі дипломмен Дербіс Тахмина марапатталды.

2021-2022 оқу жылы;

Республикалық техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері арасындағы ауылшаруашылығы саласы бойынша кәсіби шеберліктің республикалық конкурсында ІІІ орын Қуанышбекова Дана Рашидқызы иеленді. «WorldSkills JAMBYL-2021» облыстық чемпионатында «Мектепке дейінгі оқыту» күзиреттілікгі бойынша қатысып І орын Әбдібекова Аяжан Әдімқызы, ІІІ орын Бақтиярова Самал Маңарбекқызы иелендік. Облыстық техникалық және кәсіптік білім беру мекемелерінің арасында өткен «Табысты менеджмент-2021» байқауында Алғыс хат берілді. Қарағанды қаласында өткен панкратион спорт түрінен Ержанұлы Мәулен NOMAD MMA Азия чемпионатының күміс жүлде иегері.

2022-2023 оқу жылы;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығының ұйымдастыруымен 17.04.2022-20.04.2022 жыл аралығында өткен «Тәлімгер» мамандығының 100 жылдығына және Балалар жылына арналған «Балалық шақ навигаторлары» педагогикалық отрядтардың VІІІ Республикалық слетында колледж «Be Smart» педагогикалық отрядтарды «Шығармашыл» номинациясымен марапатталды. «WorldSkills JAMBYL-2022» облыстық чемпионатында «Мектепке дейінгі оқыту» күзиреттілікгі бойынша қатысып ІІ орын Момыналы Аяулым Мейірбекқызы, ІІІ орын Әлқайдар Іңкәр иеленді.

«WorldSkills JAMBYL-2022» облыстық чемпионатында «Ветеринария» күзиреттілікгі бойынша қатысып І - орын Оразмаханбет Айгерім Шарафатқызы, ІІ – орынды Умбетбаев Діқан Дәулетұлы иеленді.

Жамбыл облысы әкімдігі жастар саясаты мәселелері басқармасының қолдауымен Жамбыл облыстық пікірсайыс одағы «Еркін пікір» ЖҚБ ұйымдастыруымен Шерхан Мұртазаның 90 жылдығына арналған Жамбыл облысы әкімінің кубогы үшін «Шынның жүзі - Шераға» атты студенттер арасында облыстық пікірсайыс турнирінің Бетта лигасында «Winners» фракциясы ІІІ- орын иеленді.

2022 жылдың 8 желтоқсаны күні Астана қаласында ҚР Оқу-ағарту министрі А.Аймағамбетовтың қатысуымен 2022 жылғы «Қазақстан Республикасы колледждерінің ТОП-100 студенті» республикалық байқауының жеңімпазы 3 курс студенті Умбетбаев Діқан.

«Тараз қаласына жаңа серпіліс» атты қалалық инновациялық жобалар байқауна қатысып, 3 курс студенттері дипломмен марапатталды.

„Мен кәсіпкермін“ Республикалық Гранд Турнир „Ипподром“ жобасын республика деңгейінде қорғап 2 орын иеленді.

Сонымен қатар оқытушылар құрамында 3-ғылым кандидаты, 10-магистр, облыстық „Жас маман“ байқауының жеңімпазы -1, Республикалық „Үздік шебер“ байқауының жеңімпазы жұмыс жасайды.

Комиссия төрағасы



М.Т. Мырзабекова

(аты-жөні, қолы, мөрі)

Комиссия мүшелері:

Ж.Т. Серибаева

А.К. Айнабекова

О.Ж. Орақбаева

А.Б. Жунисов

Н.Б. Жанбылшиева

С.М. Садыгулова

Бағалау парағы

Білім беру ұйымдарын бағалау
өлшемшарттарының

4-қосымшасы

«Тараз инновациялық көпсалалы колледжі»

(білім беру ұйымының атауы)

р/с №	Бағалау өлшемшарттары	Білім беру ұйымына тиісті өлшеуінгі бағалау мазмұны	Балдары
1	Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі	100 %	5
2	Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей) үлесі	95 - 99 %	4
3	Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі	100 %	5
4	Негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын педагогтер мен өндірістік оқыту шеберлері үшін даярланатын мамандық біліктіліктері (жұмысшы біліктіліктерін қоспағанда) бойынша педагогтердің жалпы санынан	85 - 99 %	4
5	Дайындалатын мамандық біліктіліктері бойынша жалпы білім беретін пәндер бойынша педагогтердің жалпы санынан лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын білім беру ұйымдарының жалпы білім беретін пәндері бойынша педагогтердің үлесі (жұмысшы біліктіліктері үшін)	75 - 99 %	4
6	Дайындалатын мамандық біліктіліктері бойынша педагогтердің жалпы санынан лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын өнер және мәдениет саласында білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін педагогтердің үлесі.	75-99 %	4
7	Лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын, дайындалатын мамандық біліктіліктері бойынша педагогтер санынан жоғары және бірінші санаттағы педагогтердің, сарапшы педагогтердің, зерттеуші педагогтердің, шебер педагогтердің және (немесе) магистрлердің үлесі (техникалық және кәсіптік білім беру үшін)	30 - 64 %	3
8	Лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын, дайындалатын мамандық біліктіліктері бойынша педагогтер санынан жоғары және бірінші санаттағы педагогтердің, сарапшы педагогтердің, зерттеуші педагогтердің, шебер педагогтердің және (немесе) магистрлердің үлесі (орта білімнен кейінгі білім беру үшін)	40 - 69 %	3
9	Лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын мамандықтың (мамандық бойынша педагогтердің) даярланатын біліктіліктері	10 - 54 %	3

	бойынша педагогтер санынан ұйымдарда және/немесе өндірісте көлемі соңғы 3 жылда төменінде 72 сағат тағылымдамадан өткен арнайы пәндер педагогтерімен өндірістік оқыту шеберлерінің үлесі		
10	Магистр дәрежесі, философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесі бар педагогтермен өндірістік оқыту шеберлерінің үлесі	10 - 54 %	3
11	Студенттердің тұруы үшін жағдайлар жасау, жеке шаруашылық жүргізу, немесе жедел басқару, немесе сенімгерлік басқару құқығымен, немесе жатақханаларды, және/немесе хостелдердің және/немесе қонақ үшін тұруын қамтамасыз ететін толық оқу кезеңіне жалға алу құқығымен тиесілі болуы	100 %	5
12	Білім беру ұйымдары түлектерінің мамандық бойынша жұмысқа орналасуы және жұмыспен қамтылуы туралы мәліметтер, бұл ретте мамандық бойынша бітірушілердің жалпы санынан жұмысқа орналасқандардың және жұмыспен қамтылғандардың бір жыл ішіндегі үлесі	75-87 %	3
13	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 07 наурыздағы № 97 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7574 тіркелген) сәйкес білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жаратандыру	100 %	5
14	Білім алушылар контингентіне қатысты оқу жұмыс жоспарына сәйкес, оның ішінде мамандықтың дақылданатын біліктіліктері бойынша толық оқу кезеңіне оқу тілдері бойынша оқу және ғылыми әдебиеттің кітапханалық қорының болуы	95 - 99 %	4
15	Білім алушылардың сауалнама нәтижелерін талдау		
16	Педагогтердің сауалнама нәтижелерін талдау		
17	Ата-аналардың (заңды өкілдердің) сауалнама нәтижелерін талдау		
18	Жұмыс берушілердің, өндірістік практика базалары басшыларының сауалнама нәтижелерін талдау		
	Жалпы саны		55

Ескерту. Білім беру ұйымы қызметінің нәтижелерін бағалау үшін білім беру қызметтерін көрсету сапасының бес деңгейі белгіленген:

үлгілі – 65-тен 75 балға дейін, жақсы – 55-тен 64 балға дейін, жақсартуды қажет етеді – 40-тан 54 балға дейін, төмен – 40 балдан төмен – техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін;

үлгілі – 70-тен 80 балға дейін, жақсы – 60-тан 69 балға дейін, жақсартуды қажет етеді – 45-тен 59 балға дейін, төмен – 45 балдан төмен – орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін.

Білім беру ұйымының басшысы

Л.Т. Мырзабекова
(Тегі, аты, әкесінің аты)

